

«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ 2023-2029 жылдарға арналған САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сапасын қамтамасыз ету саясатының мақсаты білім беру, зерттеу және басқару қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпорындарды, бизнес-құрылымдар мен қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, білім, ғылым және инновацияларды интеграциялау болып табылады. Саясат сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің негізі болып табылады және университеттің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ішкі және сыртқы мүдделі тараптар тиісті құрылымдар мен процестер арқылы саясатты енгізуге қатысады.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат сапа мәдениетін дамыту үшін университеттің барлық деңгейлерінде іске асырылады.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саясаты:

- сапаны қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру;
- сапаны қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындайтын университеттің құрылымдық бөлімдері, әкімшілігі, қызметкерлері мен білім алушылары;
- Академиялық адалдық, еркіндік және академиялық алаяқтыққа қарсылық;
- білім алушыларға немесе қызметкерлерге қатысты төзбеушіліктің немесе кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау;
- сыртқы мүдделі тараптардың сапаны қамтамасыз ету процестеріне қатысуы.

Сапаны қамтамасыз ету саясатының негізгі қағидаттары:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті академиялық мазмұнын және ұсынылатын білім беру қызметтерін тиісті жоспарлауды қамтамасыз ету;
 - Сапа мәдениетін қолдау және дамыту, оның шеңберінде барлығы – білім алушылар, қызметкерлер мен басшылық – сапа үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және сапаны қамтамасыз етуге қатысады.
 - Білім беру мен зерттеу сапасын қамтамасыз ету және арттыру процесіне ішкі және сыртқы стейкхолдерлерді белсенді тарту;
 - Білім алушылар мен қызметкерлерге қатысты тең мүмкіндіктер мен әділдікті қамтамасыз ету;
 - Академиялық адалдық пен бостандықты, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне төзбеушілікті қолдау;
 - Университет қызметінің ұлттық нормативтік талаптарға, халықаралық стандарттарға және ESG ұсынымдарына сәйкестігі;
 - Мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - Университеттің академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту, корпоративтік басқаруды, университетті басқарудың алқалы жүйелерін дамыту;
 - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру үшін сенімді ақпарат негізінде нәтижелер мен процестерді тұрақты мониторингтеу және бағалау;
 - Университеттің қаржылық тұрақтылығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, білім алушыларды қолдаудың ресурстарын, тәсілдері мен нысандарын тиімді пайдалану.
- Басшылық осы саясатты басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асыруға, оны өзектендіруге, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін ұдайы жақсартуға және процестерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

Университет басшылығы осы саясатты профессор-оқытушылар құрамына, университет қызметкерлеріне, білім алушыларына және мүдделі тараптарға жеткізеді.